



■ Тақырыбы: Несеп тас ауруында дәрілік емнің негізгі бағыттары

- Орындаған :
- Қабылдаған:
- Факультет:
- Курс:
- Топ:

■ Алматы 2016ж.



# ■ Жоспар

---

- ❖ Кіріспе
- ❖ Несеп тас ауруына сипаттама
- ❖ Негізгі бөлім
- ❖ Негізгі дәрілік препараттардың әсері
- ❖ Қорытынды

# ■ Кіріспе

Көптеген несеп жолдарындағы тастар кальцийдің оксалат ,фосфат тұздарынан,зәр қышқылының тұздарынан,амин қышқылы цистиннен тұрады. Тас байлануы несепте көрсетілген тұздардың көбейіп. Тұнбаға ауысуынан болады.Оған зәрдің қышқылдығы көтерілуі, рН төмендеуі қолайлы ықпал етеді.Мәселен,қышқыл ортада зәр қышқылы тұздарының еруі азайып, олар тұнбаға ауысады.Зәрде рН төмендеуі бүйрек өзекшелерінің аммонийгенездік қызметінің бұзылыстарынан болуы мүмкін.Зәр қышқылы тұздарынан тұратын тастар қан плазмасында олардың деңгейі көтерілгенде, қан жасушалары тым артық ыдырағанда, бүйрек қызметінің жеткіліксіздігінде, подагра кездерінде байқалады

- Тұздардың еруі азайып, тұнуынан тас байлануын түсіндіретін қағида кристаллизациялық қағида делінеді.
- Кальций тұздары нәруыздардан тұратын негіздерге жиналады. Бұл негіздер мукопротеидтерден, пролиннен тұрады және тас байлануында, кальций тұздарының зәрде көбеюі маңызды орын алады.
- Кальций иондары мен лимон қышқылының арақатынасы 4:1 болғанда кальций еріген түрде болады. Бүйрекпен лимон қышқылының шығарылуы бұзылғанда кальций тұнбаға ауысады.



## ■ Негізгі бөлім

### Зәр тас ауруын емдеудің негізгі бағыттары:

- Ауру сезімін басу
- Асқынуларды емдеу(жедел және созылмалы пиелонефрит, цистит және т.б.)
- Конкременттердің шығуын жоғарылататын шаралар
- Зәр қышқылды тастарды еріту

## ■ Аллопуринол

- **Тобы:** Подаграға қарсы зат, ксантиноксидазаның тежегіші.
- **Ә.е.м:** Ксантиноксидазаны тежеп, гипоксантиннің ксантинге айналуын тежейді. Нәтижесінде зәр қышқылының түзілуі тежеледі.
- **Ф.Ә:** Ағзаның сұйық ортасында зәр қышқылын және тұздың түзілуін төмендетіп, тінде және бүйректе олардың түзілуін тежейді. Гипоксантин мен ксантиннің трансформациясын тежеп, керісінше оны нуклеотид пен нуклеин қышқылының синтезіне жұмсайды.
- **Қолд/ы:** Гиперурекиямен тудыратын кейбір ауруларда подагра, бүйрек тас ауруында. Нуклеопротеидтердің шамадан тыс, тіпті түгелдей жойылып кетуімен сипатталатын кейбір аурулардың есесінен пайда бола гиперурекемияда, қанда зәр қышқылының көбейіп кетуінде, гематобластомада, псориазда, фермент алмасуының бұзылыстарындағы көлемді жарақаттард (Лихен-Ниша синдромы), гипоксантиннің массивті терапиясында.



- **Қарсы көрсеткіші:** Сезімталдықтың жоғарылауы, бауыр жетіспеушілігінде, СП-те, симптомсыз гиперурекемияда, Подагра ұстамасында, жүктілікте, бала емізу кезінде, бүйрек жеткіліксіздігінде, қантты диабетте, АГ. Балаларда, тек 14-жасқа дейін лейкоздың цитостатикалық терапиясында және қатерлі ауруларда.

**Ж.Ә:** Диспепсия, диарея, жүрек айну, құсу, стоматит, холестатикалық сарғыштану, перикардит, брадикардия, васкулит, миопатия, артралгия, парестезиялық неврит, парез, ұйқышылдық, дәм сезудің жоғалуы, көрудің бұзылысы, катаракта, конъюктивит, БЖЖ, гематурия, протеинурия, гинекомастия, қышыну, тері бөртпелері, эксудативті эритема, эпидермальды некролиз, алопеция, қант диабеті, гипертермия, мұрыннан қан кету, некротикалық ангина.

# ■ Солуран

**Тобы:** Зәр тастарының түзілуін тежейтін және оның зәрмен шығарылуын жоғарылататын зат.

■ **Ә.Е.М:** Зәр қышқылын төмендетеді.

■ **Ф.Ә:** Зәр қышқылды тастарды ерітеді. Қышқылдықты төмендетіп, зәрді сілті жаққа ауыстырады.

■ **Қолд/ы:** Уратты нефроуролитиаз, бүйректік тубулярлы ацидоз, уратты-оксолатты нефроуролитиаз, терінің порфириясында.

■ **Қарсы көрсеткіші:** Сезімталдықтың жоғарылауы, бүйрек жетіспеушілігі, зәр шығару жолдарындағы инфекцияда, зәрдің қышқылдығы 7-ден жоғары болғанда, метаболикалық алкалоз, қатаң тұзсыз диета, ауыр артериялық гипертензия.

■ **Ж.Ә:** Ісіну, метаболикалық алкалоз, диспепсиялық бұзылыстар.





# ■ Магурлит

- **Тобы:** Тастардың түзілуін тежейтін және оны ерітетін зат.
- **Ә.Е.М:** Цитратты иондардың әсерінен зәрдің рН-ын сілтілі жаққа ауыстырады. Ал магний мен пиридоксин кальций оксалатынан, зәр қышқылынан құралған тастардың түзілуін тежейді.
- **Ф.Ә:** Тастарды еріту, зәр қышқылын төмендетіп, сілтілікті жоғарылатады.
- **Қолд/ы:** зәр тастарының қайта құрылуын алдын алу үшін және оны еріту үшін.
- **Қарсы көрсеткіші:** Инфицирленген зәр, қанайналымның жеткіліксіздігінде.
- **Ж.Ә:** Асқазан ішек жолдарының бұзылыстары.

- **Тобы:** Алмастырылмайтын аминқышқылы
- **Ә.Е.М:** Метил тобын беру арқылы,миотропты әсер көрсетеді. Холин синтезін жақсартады. Бауырда бейтарап майдың, фосфолипидтердің майға айналмауынан холиннің мөлшері жоғарылайды.
- **Ф.Ә:** Адреналин, креатининнің синтезіне қатысады. Гормондардың, витаминдердің, ферменттердің әсерін жоғарылатады.
- **Қолд/ы:** Бауырдың уыттық зақымдануында, майлы инфильтрацияда, ұйқы безінің ауруларында, созылмалы панкреатитте, қантты диабетте, бензолмен, хлороформмен, мышьякпен уланғанда, созылмалы алкоголизмде, атеросклерозда, дистрофияда, ауыр инфекциялардан кейін.
- **Қолд-ға қарсы көрсеткіштер:** Вирусты гепатитте, ауыр бауыр жетіспеушілігінде, бүйрек жетіспеушілігінде.
- **Ж.Ә:** Жүрек айну, құсу, қан қысымы төмендегенде, тахикардия, дезориентация.

## Метионин



# ■ Аскорбин қышқылы

## С витамини

Сутегі алмасуын жақсартады, уш карбон қышқылды циклде глюкозаны пайдалануды жақсартады, тетрагидрофоль қышқылының, стеродты гормондардың, коллаген мен проколлагеннің синтезіне қатысады, тіндердің регенерациясына қатысады.

жасушааралық заттың коллоидты қалпын ұстап тұрады, капиллярлар өткізгіштігін жақсартады. Холестерин алмасуына қатысады. Бауырдың белокты синтездеуін күшейтеді. Бауырда гликогеннің қорға жиналуын жақсартады, протромбиннің түзілуін қамтамасыз етеді, ұйқы безінің ішкі секрециясын және өт бөлінуін жоғарылатады.

Цинга ауруында, гемморагиялық диатезде, мұрыннан, өкпеден, бауырдан, жатырдан қан кеткенде, сәулелік ауруларда, антикоагулянттардың жоғары мөлшерінде, инфекциялық ауруларда, бауыр ауруында, Аддисон ауруында, сүйек сынғанда, дистрофияда және басқа да патологиялық ауруларда.

Атеросклерозда май алмасуына кері әсерін көрсетеді, АІЖ кілегейлі қабатын тітіркендіруі мүмкін, ұйқы безінің қызметін бұзады, гипертромбинемия, гипергликемия, глюкозурия, тромбоцитоз.



# Бор қышқылы

- **Тобы:** Қышқылды сілтілі зат
- **Ә.Е.М:** Бактерия белоктарын коагуляциялайды
- **Ф.Ә:** Антисептикалық, антипедикулездік
- **Қолд/ы:** конъюнктивитте, экземада, дерматитте, отитте, пиодермада, педикулезді емдеу үшін.
- **Қолд-ға қарсы көрсеткіші:** бүйрек қызметінің бұзылыстарында, емізетін аналарға, жүкті әйелдерге, 1 жасқа дейінгі балаларға, денеге жағуға болмайды.
- **Ж.Ә:** Созылмалы және жедел токсикалық әсер, жүрек айну, құсу, диарея, тері бөртпелері, эпителийдің десквамациясы, бас ауру, естің бұзылуы, олигурия, кейде шок болуы мүмкін.



**Тобы:** Қышқылды сілтілі зат.

**Ә.Е.М:** Бактерия белоктарын коагуляциялайды

**Ф.Ә:** Антисептикалық, антипедикулездік

**Қолд/ы:** Микробқа қарсы, фунгицидті зат ретінде, бензой қышқылының натрий тұзын қақырық түсіруші зат ретінде қолданады.

**Ж.Ә:** Тыныс алу жолдарының секрециясын жоғарылатады.

# Бензой қышқылы



# ■ В6 витамині

■ **Тобы:** Витаминдер

- **Ә.Е.М:** Триптофанның, метиониннің, цистеиннің, глютаминнің алмасуына белсенді қатысады. ГАМК-ң, глициннің, серотониннің түзілуіне қатысады.
- **Ф.Ә:** Май алмасуына, В 12 витаминінің, фоль қышқылының алмасуын жақсартады.
- **Қолд/ы:** В6 гиповитаминозда, жүкті әйелдің токсикозында, анемияда, лейкопенияда, ЖЖЖ-ң ауруында, Меньер ауруында, қант диабетінде, дерматитте, псориазда, эксудативті диатезде, нейродермитте.
- **Ж.Ә:** Аллергия



# ■ Пиридоксальфосфат

- **Тобы:** B6 витаминінің коферменті
- **Ө.Е.М:** Пиридоксальфосфатқа айналып, кофермент түрінде аминқышқылдарының алмасуына қатысады.
- **Ф.Ә:** Май қышқылдарының және амин қышқылдарының алмасуына қатысады.
- **Қолд/ы:** Пиридоксин фосфорлана алмай қалып, оның әсері болмай қалғанда қолданады. Экземада, нейродермитте, псориазда, крапивницада.
- **Ж.Ә:** Науқаспен жақсы көтеріледі. Кейде аллергия шақыруы мүмкін.

# ■ Неоренал СР

- Бұл препарат қайың жапырақтарының экстрактынан және 3',5',7',3',4'-пентагидроксифлавон и 3',7',3',4'-тетрагидроксифлавон комбинациясынан тұрады.
- Бір таблеткасында: флавоноид-122 мг, тритерпен тетрациклы -30мг, танин -52мг, тритерпен сапонины-9мг, фенокарбон қышқылы-4мг, кумарин-0,5мг, бетулорентикалық қышқылы,натрий, калий және т.б. белсенді заттардан тұрады.
- НЕОРЕНАЛ СР бүйректің шығару қызметін қалыпты ұстап, қызметін жақсартады.Несеп қышқылының сыртқа шығарылуына ықпал етеді.Несеп жүйесінде пайда болған тастар мен инфекциясының пайда






- Әлемдік жорамал бойынша уролитиазбен халықтың 1-3%-і ауырады екен. Соның ішінде ерлер-12% , ал әйелдер- 5% құрайды.

---

■ Урологиялық стационарда осы аурудан сауығып шыққандардың саны 30-40%-ды құрайды. Дамыған мемлекеттердің 10 млн. нан 400 мыңы осы ауруға шалдығады екен.



# Пайдаланған әдебиеттер:

---

- ◆ М.Д.Машковский «**Лекарственные средства**»
- ◆ Әділман Нұрмұхамбетұлы «**Патофизиология**»
- ◆ [www.Google.ru](http://www.Google.ru)
- ◆ «[http://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D0%BE%D0%B%D0%B8%D0%B5%D0%B2%D0%B0%D1%8F\\_%D0%BA%D0%B8%D1%81%D0%BB%D0%BE%D1%82%D0%B0](http://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D0%BE%D0%B%D0%B8%D0%B5%D0%B2%D0%B0%D1%8F_%D0%BA%D0%B8%D1%81%D0%BB%D0%BE%D1%82%D0%B0)»